Сәтбаев қаласы
әкімі аппаратының
басшысы

Руководитель
аппарата города
Сатпаев

Б. Уншыбаева

- ☐ Жұмыс үшін
- ☐ Қарастыру үшін
- ☐ Ақпарат дайындау үшін
- ☑ Орындау үшін
- ☐ Қатысу үшін
- ☐ Шара қолдану үшін

_____А.Х.Бегежанова

«5» 02 2026ж

№_____

Сәтбаев қаласы әкімінің
аппарат басшысы
А.Бегежановаға

ҚЫЗМЕТТІК ХАТ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алулардың жеделдігі, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша шарт жасасудың ұзақ мерзімі (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтерді (білікті еңбек ресурстарын) алу қажеттілігі ескеріле отырып, мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру мәселесі қарастырылды.

Осылайша, Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуларды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешімге тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, не орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қол қояды.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алулар осы Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуларды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда көрсетілген қағидаттардың сақталуы үшін дербес жауапкершілікке ие болады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 34-қосымшасында келесі есепті толтыру көзделген, атап айтқанда: «бір көзден сатып алу жағдайының айрықшалығын растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, қорытынды, анықтама)» бағаны.

Сонымен қатар, Қағидалардың 516-тармағына сәйкес, Заңның 16-бабының 3-тармағының 1), 5), 10), 19), 20), 23), 25), 27), 36) және 41) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алулар уәкілетті орган қалыптастыратын тапсырыс берушілер мен әлеуетті өнім берушілер тізімі бойынша веб-порталда белгіленген форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Анықтама үшін: форматтық-логикалық бақылау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған, веб-порталда пайдаланушылар үшін орнатылатын бағдарламалық шектеулер кешені.

Осы орайда, Қағидалардың 510-тармағына сәйкес, Тапсырыс беруші шарт жасасқаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есепті, аталған қызметтік

Жоғарыда баяндалған уәждерді негізге ала отырып, Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорация» (БСН 160440007161) веб-портал арқылы бір көзден тікелей жазбаны көрсете отырып орналастыруға міндетті.шарт жасасу тәсілімен шарт жасасуды мақсатқа сай деп санаймыз, КТРУ 821913.000.000003 – «Объектілерді тіркеу қызметтері».

ҚШБ басшысы **Б.Унчибаева**

05.02.2026 ж.